

"2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің бюджеті туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-15-11 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 6-20-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 маусымда № 4752 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармақ 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-15-11 "2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4535 тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 97 411,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 72 600,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 24 811,0 мың теңге;

2) шығындар – 97 411,0 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. 2018 жылға арналған ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) Бейнекамералар сатып алуға;

2) Володар ауылдық округін абаттандыруға.

Аталған аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу 2018-2020 жылдарға арналған Володар ауылдық округінің бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады."

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі).

2. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
XX сессиясының төрағасы

Е.Ақмолдин

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы

Б.Жанахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы әкімдігінің экономика
және қаржы бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

М.Рамазанова

31 мамыр 2018 жыл

Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы
31 мамырдағы № 6-20-2 шешіміне қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы
26 желтоқсандағы № 6-15-11 шешіміне 1
қосымша

2018 жылға арналған Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы		Сома , мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	9 7 411,0
1			Салықтық түсімдер	7 2 600,0
	01		Табыс салығы	3 3 000,0
		2	Жеке табыс салығы	3 3 000,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 9 600,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	320,0

		3	Жер салығы	3 360,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 5 920,0
4			Трансферттердің түсімдері	2 4 811,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 4 811,0
		3	Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен түсетін трансферттер	2 4 811,0
Функционалдық топ			Атауы	Соманың теңге
	Әкімші			
		Бағдарлама		
1	2	3	A	
			II.Шығындар	9 7 411,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 2 880,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 2 880,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 2 280,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 2 200,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 2 200,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 2 000,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 500,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	195,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 5 505,0
13			Басқалар	3 2 331,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 2 331,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3 2 331,0
			III. Қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо	0,0
			IV. Бюджеттің тапшылығы (профициті)	0,0
			V.Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану)	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК